

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Қазақстан тарихы кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Факультет деканы

_____ 2023 ж.
« ____ » _____

ІК 1101 - «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ»

ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B05402-математика»
білім беру бағдарламасы

1 Курс
Күзгі семестр
5 кредит

Алматы 2023 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Қозыбақова Ф.А

«6B05402-Математика» білім беру бағдарламасының негізінде әзірленген

Қазақстан тарихы кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
___ ___ 2023 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Карибаев Б.Б.

Факультеттің әдістемелік кеңесінде ұсынылды
___ ___ 2023 ж., хаттама №

Төрайымы: Бижанова.М

КІРІСПЕ.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу ережесі:

Мемлекеттік емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.

2. Емтиханның өтуін қадағалу – бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.

3. Емтихан сұрақтарының саны – 80.

4. Ұзақтығы - 2 сағат.

5. Студенттердің жазбаша жұмыстарын Мемлекеттік Емтихан Комиссиясы тексереді.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.

2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болу керек.

III. Емтихан нәтижелері:

1. Мемлекеттік Емтихан Комиссиясы студенттердің жазбаша жұмыстарын тексерген соң, пән оқытушысы баллдарды «Универ» жүйесіне еңгізеді.

2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.

3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылады.

4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

КЕЛЕСІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:

«Қазақстан тарихы» курсының мақсаты мен міндеттері.

- ✓ Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы.
- ✓ Қазақстан аумағындағы тарихқа дейінгі адамдардың мәдениеті.
- ✓ Қазақстан тарихын кезеңдеу.
- ✓ Көшпелілер өркениетінің қалыптасуы.
- ✓ Атқа міну мәдениеті.
- ✓ Көне түркілер тарихы бойынша деректер.
- ✓ Сақ, сармат, ғұндардың (сюнну) саяси құрылымы.
- ✓ Үйсін, қаңлылардың этносаяси бірлестіктері.
- ✓ Түркілердің шығу тегі мәселелері.
- ✓ Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы IX-XII ғғ.
- ✓ Түркі мәдениеті.
- ✓ Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы.
- ✓ Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.).
- ✓ Ортағасырлық мемлекеттер XIV-XV ғғ.
- ✓ Алтын Орданың мәдени-өркениеттік мұрасы.
- ✓ Қазақ хандығының құрылуы.
- ✓ XV –XVI ғғ. Қазақ хандығы.
- ✓ ХҮІІ- ХҮІІІ ғғ. басындағы Қазақ хандығы.
- ✓ Қазақ халқының мәдениеті.
- ✓ Қазақтардың материалдық мәдениеті.
- ✓ Қазақтардың рухани мәдениеті.

- ✓ Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан: зерттеудің жаңа әдіснамалық трендтері.
- ✓ Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы.
- ✓ Қазақстан және XVIII ғасырдың аяғындағы ортағасырлық мемлекеттер.
- ✓ Қазақстан Ресей саясаты контекстінде: әкімшілік реформалау.
- ✓ Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі.
- ✓ 1916 жылғы Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтерілісі.
- ✓ «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы.
- ✓ Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғ. басы).
- ✓ Қазақтың зиялы-рухани элитасының мұралары.
- ✓ Қазақтың белгілі қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлі.
- ✓ Қазақстан азаматтық-саяси қарсыластық жылдарында.
- ✓ Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы.
- ✓ Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан.
- ✓ XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары.
- ✓ Білім және ғылым саласындағы өзгерістер.
- ✓ Кеңестік Қазақстанның экологиялық мәселелері.
- ✓ Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары.
- ✓ Қазақстандағы «қайта құру» саясаты.
- ✓ 1986 жылғы Алматыда және республиканың басқа қалаларында болған Желтоқсан оқиғасы.
- ✓ КСРО-ның ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы.
- ✓ Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және ҚР мемлекеттік құрылысы.
- ✓ Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі.
- ✓ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік саясат.
- ✓ ҚР қоғамдық-саяси және рухани дамуы.
- ✓ ҚР сыртқы саясаты.
- ✓ Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастары.

ЕМТИХАНҒА ДАЫНДАЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Әдебиет:

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2018-2020. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
2. Омаров Ғ.Қ. Сақ-скиф археологиясы: хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
3. Харари Ю.Н. Sapiens. Краткая история человечества. – М.: Синдбад, 2019.
4. Учебно-методический практикум по истории Казахстана для семинарских занятий: для студентов неисторических факультетов. Алматы: «Қазақ университеті», 2002.
5. Кром М.М. Тарихи антропология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020.
6. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. – Алматы: Нұрпресс, 2011. Қазақ, орыс тілдерінде.
7. Новейшая история Казахстана. Хрестоматия. (1917-1939). 1 т. - Алматы: Қазақ университеті, 2007.

Интернет ресурсы

1. <http://www.rkcntidad.kz>
2. <http://www.ncai.kz>

3. <http://elibrary.ru>
4. <http://elib.kaznu.kz/book>
5. <http://www.akorda.kz>

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/МАГ/ДОС СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» бағасы сұрақ толық ашылған, бірақ сұрақтың барлық мәселелері жан-жақты қамтылмаған жағдайда, негізгі қағидаларға қысқартылған дәлелдер келтірілген болса, материалды	«Қанағаттанарлық» бағасы билеттегі барлық сұрақтар толық қамтылмаған, негізгі ойлар үстірт дәлелденген, материалды баяндауда композициялық диспропорцияларға, логиканың және дәйектіліктің бұзылуына жол берілген	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.

<p>2 сұрақ 30 балл</p>	<p>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</p>	<p>Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;</p>	<p>Оқу тапсырмасын ішінара орындау, қойылған сұраққа толық емес, кей жерлерде дәлелсіз, курстың практикалық міндеттерін толық шешпей жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;</p>	<p>Материал үзік-үзік баяндалады, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.</p>	<p>Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жауаптың жеткіліксіз ойластырылуы; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің болуы.</p>	<p>Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және жалпылаула р жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің қағидаларын бұзу.</p>
--	---	--	---	---	---	--

Критерий/ балл		Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
№		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)

<p>3 сұрақ 40 балл</p>	<p>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</p>	<p>Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке</p>	<p>Тұжырымдамалы қ материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы жақсы</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты және дәйекті емес, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындаған, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалы қ материалдар мен дәлелдер нашар</p>	<p>Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмаған. Қорытынды</p>
--	---	--	---	--	---	--